

Айналыс мерзімі бес жыл арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды өтеудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 4 тамыз N 1201

Арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды капиталдың халықаралық рыноктарында орналасқан Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына айырбастау жолымен жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің өтімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Айналыс мерзімі бес жыл арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды шығарудың, айналысының және өтеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 сәуірдегі N 363 P990363_ қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Айналыс мерзімі бес жыл арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды шығарудың, айналысының және өтеудің ережесінде:

5-тармақ ", бұл ретте тиісті кезеңге арналған сыйақы сомасын есептеу үшін арнайы валюталық мемлекеттік облигациялар айналысының есепті кезеңдегі күнтізбелік күнінің саны және жылдағы 365 күн пайдаланылады" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 18 және 19-тармақтармен толықтырылсын:

"18. Эмитент арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды (оның ішінде оларды басқа мемлекеттік бағалы қағаздарға ауыстыруға ұсыну жолымен) сыйақы есептеудің кезекті кезеңіндегі іс жүзінде айналыста болған уақыт үшін сыйақы төлей отырып, мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыруға құқылы.

Мерзімінен бұрын өтелетін арнайы валюталық мемлекеттік облигациялар бойынша төлемдер, мерзімінен бұрын өтеу күнінің алдындағы күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша теңгемен жүзеге асырылады.

Эмитенттің мерзімінен бұрын өтеу туралы шешімі, өз кезегінде, ол бұл туралы 5 жұмыс күнінен кешіктірмей бастапқы дилерлерге хабарлайтын, мұндай өтеу күніне дейін 10 жұмыс күні бұрын Қаржы агентіне (келісім бойынша) хабарланады.

19. Арнайы валюталық мемлекеттік облигациялармен жасалатын операциялар бойынша салық салудың тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес анықталады."

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 сәуірдегі N 363 қаулысымен бекітілген Айналыс мерзімі бес жыл арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды шығарудың, айналысының және

өтеудің ережесіне сәйкес айналыс мерзімі 7 жыл және өтеу күні 2007 жылғы 11 мамыр, бастапқы құны 1000 АҚШ доллары, капиталдың халықаралық рыноктарында орналастырылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына (бұдан әрі - Еурооблигациялар) айырбастауға ұсыныс жасай отырып, айналыс мерзімі бес жыл , жиынтық бастапқы құны 244 097 500 (екі жүз қырық төрт миллион тоқсан жеті мың бес жүз) АҚШ долларына шығарылған барлық арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды (бұдан әрі - АВМЕКАМ облигациялары) мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырсын.

3. Мыналар:

1) айырбастау АВМЕКАМ облигацияларын ұстаушылардың Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне 2000 жылдың 14 сәуіріне дейінгі мерзімде жазбаша өтініш беруі негізінде ерікті түрде жүзеге асырылады;

2) АВМЕКАМ облигацияларының айналысы 2000 жылдың 14 сәуірінен бастап тоқтатыла тұрады;

3) АВМЕКАМ облигацияларын олардың рыноктық құнын ескере отырып, айырбастау бір АВМЕКАМ облигациясының бастапқы құнының 90,58%-не тең дисконттық баға бойынша жүзеге асырылады;

4) осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген баға бойынша АВМЕКАМ облигацияларының айырбасталатын жиынтық құнын бір Еурооблигацияның бастапқы құнының мөлшеріне бөлгеннен кейін қалдық ретінде пайда болған соманы, АВМЕКАМ облигацияларының 2000 жылғы 9 сәуірден айырбастау күніне дейінгі айналыс уақыты кезіндегі сыйақыны, сондай-ақ айырбастауға ұсынылмаған АВМЕКАМ облигацияларын бастапқы құны бойынша өтеу сомасын АВМЕКАМ облигацияларын мерзімінен бұрын өтеу күніне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі төлейді;

5) Еурооблигацияларды орналастырудан түсетін қаражаттың түскен күні

АВМЕКАМ облигацияларын мерзімінен бұрын өтеу және айырбастау күні болып табылады деп белгіленсін.

4. Осы қаулы 2000 жылғы 10 сәуірден бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министр

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.

Икбаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК